

- 10 Klyuchevskij V.O. Predki Onegina [Onegin's ancestors]. Sochineniya v 9 t., t. 9 [Works in 9 vols., vol. 9]. – Moscow: Mysl', 1990, pp. 84-100.
- 11 Gogol N.V. Mertvye dushi: Poe`ma [Dead Souls: Poem]. – Moscow: Finansy, 1980. – 382 pp.
- 12 Dmitrieva E.E. Sad Plyushkina, Sad Gogolya [Plushkin's garden, Gogol's garden] // Poe`tika russkoj literatury: K 70-letiyu prof. Yu.V. Manna: Sbornik statej [Poetics of Russian literature: For the 70th anniversary of Prof. Yu.V. Mann: Collection of articles]. – Moscow, 2001, pp. 148-160.
- 13 Brumfield, W.C. (2020), “Confrontation in Idyllia: The Country Estate as Moral Space in Russian Literature”, Actual Problems of Theory and History of Art, vol. 10, pp. 400-411, doi: 10.18688/aa200-2-35.
- 14 Cruse D.A. Lexical Semantics. – Cambridge: Cambridge University Press, 1986. – XIV, 310 pp. – (Cambridge Textbooks in Linguistics).
- 15 Veligorsky, G.A. (2023), “The ‘Lady of the Russian Woods’ as the estate symbol of Russia: the myth of the white birch in the literature of Great Britain (19th–21st centuries)”, Mundo Eslavo, no. 22, pp. 169-182, doi: 10.30827/meslav. 22.26018.

Received: 01.10.2025

FTAMP 17.09.09

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss4pp208-223](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss4pp208-223)

А.Т. Мұстояпова¹, Ж.Ж. Ибраимова¹

¹Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, 100026, Қазақстан

ДЖОН ДОС ПАССОСТЫҢ «МАНХЭТТЕН ӨТКЕЛІ» РОМАНЫНЫҢ ЭКСПЕРИМЕНТАЛДЫ ПРОЗАСЫ

Бұл мақаланың мақсаты – америкалық модернист Джон Дос Пассостың «Манхэттен өткелі» романын эксперименталды жазу ерекшеліктерінің бар-жоғын анықтау тұрғысынан талдау. «Манхэттен» (1925) – АҚШ әдебиетіндегі алғашқы модернистік романдардың бірі, ол оқырмандар мен сыншылар арасында пікірталас тудырып, түрліше бағаланды. Дәл осы ерекшелік романға деген ерекше қызығушылықтың әлі күнге дейін сақталуына негіз болды. Әдеби шолудың қысқаша нәтижелері қазіргі ағылшынтілді әдебиеттануда Дж. Дос Пассос жаңашылдығының зерттелу деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Мақала авторлары Дж. Дос Пассос шығармашылық эксперимент жасап, оның романның барлық деңгейіне – композициясына, құрылымына, бейнелер жүйесіне, ритмикасына және поэтикасына әсер еткені туралы гипотезаны ұсынады және талдайды. Зерттеудің негізгі назарында полифонизм, кинематографиялық тәсіл, монтаж әдісі, түстер гаммасының символизмі, мәтіннің фрагментарлығы сияқты көркем бейнелеу жаңашылдықтары тұр. Мақалада Дж. Дос Пассос қолданған жаңа баяндау техникасының белгілі бір әлеуметтік-тарихи контекспен заңдылық түрде байланыстылығы дәлелденеді. Жүргізілген талдау Дж. Дос Пассос жаңашылдығының ерекшелігін айқындауға мүмкіндік береді, бұл жазушының модерн дәуірінің бейнесін, сипатын және мәнін дәл жеткізе алатын жаңа баяндау тілін іздеумен айналысқан кезеңімен тығыз байланысты. Мақаланың мазмұны модернистік мәтін поэтикасының ерекшеліктерін проблематизациялауға және авторлық жазудың өзектілігін арттыруға ықпал етеді. Мақалада жүргізілген талдау өз дәуірінің ұлы жазушыларының қатарында тұрған, көбінесе жеткілікті бағаланбаған Дж. Дос Пассосты модернистік әдебиет жаңашылы ретінде танып, оның орнын анықтауға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: эксперимент, фрагменттілік, монтаж, полифонизм, кинематографиялық.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

XX ғасырдың бірінші жартысындағы әдебиет модернизмнің ықпалымен дамыды, сондықтан оның құбылыстарын модерн дәуірінің әлеуметтік және рухани жағдайлары контекстінде қарастыру қажет. Модерн дәуірі ғылым мен техниканың қарқынды дамуы, жедел индустрияландыру, шапшаң урбанизация, технологияны кеңінен қолдану, өндіріс пен құрылыс салаларындағы бұрын-соңды болмаған жетістіктермен ерекшеленетін өркениеттің даму кезеңін бастады. Бұл процестер ойлау мен өмір салтының, социомәдени тәжірибелер мен эстетикалық нормалардың бұрынғы дәуірден түбегейлі ерекшеленетін жаңа түрін қалыптастырды. Дж. Дос Пассос романы осы дәуірдің сипатын бейнелеп, урбанизацияланған заманының жинақталған әрі символдық портретін жасауды көздеді. Қала романның басты бейнесіне айналады, бұл оның атауында да көрініс тапқан.

Кинематографияның ойлап табылуы, аспанмен таласқан ғимараттардың салынуы, автомобильдер мен ұшақтардың пайда болуы адамдардың өмір салтын, әдеттерін, мінез-құлық нормаларын, қарым-қатынас формаларын және құндылық бағдарларын айтарлықтай өзгертті. Модерн дәуірі адамдардың санасын және олардың шындықты қабылдауын өзгертті. Дүниенің жаңа көрінісі жазушылардан өзгерген шындықты бейнелеудің жаңа мәндерін, жаңа стильдері мен әдістерін іздеуді, бұрынғы әдеби формаларды түбегейлі қайта қарауды және көркем бейнелеу құралдарын жаңартуды талап етті. Модернизм өкілдері батыл эксперименттер жүргізді, алайда бұл эксперименттерді сыншылар да, оқырмандар да бірден қабылдай қойған жоқ. Сол батыл авторлардың бірі – америкалық модернист Джон Дос Пассос (1896–1970).

Әдебиеттегі модернизмнің өз алдына қойған жаңа міндеті – жаңа бейнелеу құралдарын игеруді талап етті. Модернизмнің басты жетістіктерінің бірі – эстетикалық эксперимент, яғни суретшінің өзін-өзі көрсету үшін жаңа құралдарды табу, дүниені танудың жаңа тәсілдерін ашу болды.

Айта кету керек, 1910–1920 жылдардың негізгі ерекшеліктерінің бірі роман формасындағы эксперименттер болды. Жаңа роман құруға бағытталған ұмтылыстардың ауқымы мен әртүрлілігін Ф. Кафка, М. Пруст, Д. Джойс, У. Фолкнер, Т. Манн, Г. Гессе және басқа да авторлардың есімдері арқылы түсінуге болады.

Модернистер әлемге көркемдік тұрғыдан түпнұсқалық көзқарасты басты орынға қойып, олардың жасаған дүниелерінің байлығы, романдардың жанрлық түрлері, бейнелеу әдістері мен субъективті қабылдауды ерекше көрсететін образдары арқылы ерекшеленді. Осындай фон аясында Дж. Дос Пассос айрықша көзге түсті, ол кейіпкерлердің ішкі әлемін қала бейнесі арқылы керемет жеткізді.

Модернизм бастапқыда әртүрлі субъективтіліктерді, кейіпкерлер санасында бар шындықтың әртүрлі интерпретацияларын бейнелеуге бағытталды. Бұл модернистік романның полифонизмін анықтады. Дж. Дос Пассос кейіпкерлердің көп дауыстылығы мен қала көшелерінің дыбыстары арқылы үлкен қаланың симфониясын жасады.

Әдебиет басқа өнер түрлерімен (кескіндеме, кинематография, музыка, театр) тығыз байланыста болып, олардың тілдері мен әдістерін игеріп, жаңа синтетикалық жанрлық формаларды жасады. Роман жанрының трансформациясында пайда болып, көрерменнің назарын жаулап алған кинематографияның ықпалы зор болды. Ол бір жағынан оқиғаны баяндау, өткір сюжеттер мен өмірлік қақтығыстармен баурап алу функциясын иемденіп, әдебиетті шетке ығыстырып тастады. Екінші жағынан, ол әдебиетті жаңа баяндау техникаларымен байытты. Роман жазушылар кинематографияның бұл сынағына ішкі әлемді, адамның менталдық қызметі мен өзін-өзі рефлексиялауды бейнелеу арқылы жауап берді, өйткені бұны кино арқылы көрсету қиын болатын. Осылайша, роман оқиғалар мен өмірбаяннан гөрі адамның ойлау процестеріне, оның дүниені қабылдауына басымдық

берді. Дж. Дос Пассос бірізді оқиғаны, тұтас сюжетті, толық және айқын бейнеленген кейіпкерлер образын көрсетуден бас тартты. Жазушы кейіпкерлердің тарихынан гөрі олардың шындықты қабылдауына назар аударды. Ол жекелеген адамдардың оқиғаларын емес, олардың өмір сүрген қаласының тарихын бейнеледі.

Дж. Дос Пассостың «Манхэттен өткелі» романы [1] заманауи америкалық шындықтың ауқымды бейнесін ұсынған алғашқы романдардың бірі болды. Бұл шығармада ұлы «америкалық арман» мифінің көрінісі мен интерпретациясы, ғылыми-техникалық прогресс, тез өзгеріп жатқан әлемдегі жеке адамның тағдыры бейнеленді. Ең бастысы – автор америкалық модернистік романды қалыптастыруда түпнұсқа үлгі жасауда сәтті қадам жасады.

Алайда Дж. Дос Пассостың жаңашылдығы замандастары тарапынан әртүрлі қабылданды. Мұндай тағдыр көптеген модернисттерді күтіп тұрды, өйткені олардың әрқайсысы өз дәуірінің сипатына сай жаңа роман түрін жасауға ұмтылды. К. Морли былай деп атап өтеді: «Дос Пассос модернистік әдеби зерттеулерде жиі еленбегенімен, жоғалған ұрпақ деп аталатын кезеңдегі ең эксперименталды жазушылардың бірі болды. Оның шығармашылығына Эрнест Хемингуэй, Гертруда Стайн және Ф. Скотт Фицджеральд сияқты эмиграциядағы әріптестері тамсанған» [2, 65]. Сыншылар романның эксперименталды сипатын ерекше атап өтті. «Дос Пассостың жаңашыл техникасын сипаттау үшін сыншылар «импрессионистік», «экспрессионистік», «супернатуралистік», «неореалистік», «архитектоникалық», «панорамалық», «калейдоскоптық», «фрагментарлық» және «кинематографиялық» сияқты сөздерді қолданды» [3, 214-215].

Синклер Льюис Дос Пассостың шығармасын «аса маңызды роман» деп атап, оны «жазушылардың мүлде жаңа мектебінің бастауы» ретінде бағалады. Ал Д.Г. Лоуренс бұл кітапты Нью-Йорк туралы оқыған ең үздік заманауи кітап деп атады. Сонымен бірге ол кітапта сюжет ұғымының жоқтығын мойындады [4, 114].

Алғашқы рецензенттер Дж. Дос Пассосқа француз натурализмі, импрессионизмі, кубизмі, экспрессионизмінің ықпал еткенін атап өтіп, оны Дж. Джойспен салыстырды. Романның баспагері Харпер шығарманы «америкалық өмірдің импрессионистік зерттеуі Джойс стилінде орындалған» деп сипаттады [5, 85].

КІРІСПЕ

Дж. Дос Пассос «Манхэттен өткелі» романын жазуды 1923 жылы бастады. Оның басты мақсаты – америкалық шындықтың барлық қырларын кең ауқымды панорама түрінде бейнелеу болды: адамдардың өмірі мен көңіл-күйі, саяси және әлеуметтік процестер, елдің қарқынды дамуы және техникалық прогресс. Автор бейнелегісі келген материалдың ауқымы соншалықты кең болды, ол күнделікті өмірді, елдің тарихын, жеке адамның өмірін, үлкен мегаполисті, сыртқы әлем оқиғаларын, елдің рәміздерін, атмосферасын және ондағы өзгерістердің мәнін қамтитын арнайы форманы табуды талап етті. Дж. Дос Пассос бейнелеу нысаны ретінде елдегі өзгерістер айқын көрінетін қаланы таңдады. Бұл қала – Нью-Йорк болды, өйткені ол миллиондаған эмигранттар үшін жаңа өмірдің бастауы еді. Сонымен қатар бұл қала қарқынды өзгеріп жатқан елдің символына айналды. Ал Нью-Йорктің жүрегі – Манхэттен, Дж. Дос Пассос романының оқиғалары дәл осы жерде өрбиді.

Әрине, роман жазу барысында жазушы өзінде бар әдеби тәжірибеге сүйенген, бұл романда натурализм, импрессионизм, экспрессионизм белгілерін байқауға мүмкіндік береді. Роман символикаға, қаланың және адамдардың импрессионистік суреттемелеріне, сондай-ақ экспрессионистік, тіпті футуристік урбанистикалық көріністерге толы.

Алайда әдебиетте бұрын сыналған әдістерді қолдану «Манхэттен өткелі» романы үшін басты ерекшелік бола қойған жоқ. Джон Дос Пассос авангардтық әдістерді өзіндік көзқараспен қайта өңдеп, роман формасын едәуір байытқан өзіндік эксперимент жасады.

«Манхэттен өткелі» романы 1925 жылы жарық көріп, үлкен әсер қалдырды. Джон Дос Пассостың жаңашыл шығарма жасауға арналған ерекше шығармашылық талпынысы айқын байқалып, ол батыл экспериментатор ретінде танылды. Бүгінгі күнге дейін «Манхэттен өткелі» роман жанрындағы эксперименттің маңызды үлгісі болып саналады. Романда таңғалдыратын көптеген ерекшеліктер бар: үйреншікті орталық (басты) кейіпкерлердің және оқиғалардың бірізді дамуының болмауы, сюжеттің айқын еместігі мен оның бөлшектенуі, проблематика мен қақтығыстың анықталмауы, ерекше баяндау техникасы, мәтіннің фрагменттілігі және басқалары.

Ғылыми-техникалық прогресс пен философиялық идеялардың ықпалымен түбегейлі өзгерген шынайылық модерн дәуіріндегі адамның ойлау жүйесінің трансформациясына әсер етті. Жазушылардың жаңа көркемдік санасы модернистік романда көрініс тапты. Олар дайын концепциялардан және еуропалық романның ескірген үлгілерін ұстанудан бас тартты. Шынайылықты сол қалпында бейнелеу дәстүрінің орнына модернистер оны модельдеуге тырысады. Автор өмірдің бірден-бір шындығына немесе оның жалғыз дұрыс бағасына таласпайды. Бұл кейіпкерлердің сипаттамасына, қақтығыстың түсіндірмесіне, финалдық шешімге және т.б. қатысты. Жазушы шындықтың жалғыз ғана емес, көпқырлы екенін және оның әрдайым салыстырмалы екенін көрсетеді. Бұл шығарманың тұтастығының бұзылуына әкеледі, ал бұл өз кезегінде модерн дәуірінің әлемдік тұтастығының күйреуін дәл бейнелейді.

Әңгіме өзегінде Нью-Йорктің іскерлік орталығы – Манхэттеннің алуан түрлі өмірі жатыр. Романның әлемі алғашқы қарағанда бір-бірімен аз байланысқан эпизодтар, көріністер, диалогтар түрінде калейдоскоптық түрде бейнеленген. Авторлық баяндау он беске жуық үздіксіз пайда болатын, фрагменттік түрде, пунктирмен сызылғандай көрсетілген кейіпкерлердің дауыстарымен үзіледі. Роман тұтастай алғанда, мәтін бойынан пунктирлі түрде өтетін бірнеше мотивтермен өрілген. Романда барлығы – адамдар, машиналар, уақыт және қаланың өзі қозғалыс жағдайында. Ал романдағы ерекше мәтін осы өмірдің, кейіпкерлер тағдырының, қаланың және елдің өзгермелі бейнесінің үздіксіз қозғалысын жеткізуге бағытталған. Романның ерекше ырғағын беру үшін Дж. Дос Пассос кадрлардың кинематографиялық ауысу техникасын қолданады, оқырманның назарын бір кейіпкерден екіншісіне жиі әрі күтпеген түрде ауыстырады, бұл кейіпкерлердің ешқайсысы орталық кейіпкер емес. Романдағы ерекше бас кейіпкер Дж. Дос Пассос үшін қаланың өзі.

«Манхэттен өткелі» романының таңғаларлық жаңашылдығы, ерекше стилі мен күтпеген шешімдері кең талқылауға себеп болды. Дж. Дос Пассостың замандасы Синклер Льюис бұл романды Г. Стайнның шығармаларына, М. Прустың романдарына, тіпті Д. Джойстың «Улиссіне» қарағанда маңызды құбылыс деп санаған. С. Льюис өз пікірін Дж. Дос Пассостың эксперименттік әдістерді, қазіргі заманғы психологияның жаңалықтарын және жаңашыл стилін табысты қолданғанымен түсіндірді. Бұл тәсілдерді аталған авторлар да қолданғанымен, олардың классикалық әдебиет шаблондарына қарсы шыққанын қолдағанына қарамастан, Дж. Дос Пассос олардан ерекшеленді [3, 214-215]. Дж. Дос Пассос жаңашыл бейнелеу құралдарын пайдалана отырып, тек адамның ішкі өмірін суреттеумен шектелмей, заманауи Американың өмірін бар толықтығымен бейнелей алды.

Қазіргі зерттеушілерді эксперименттік техникамен таңғалдыру қиын болса да, олар «Манхэттен өткелі» романының жаңашылдық ерекшеліктерін талдауға назар аударды. Мәселен, Дж. Пауэлл роман поэтикасын авангардист-суретшілердің – кубистердің, футуристердің, сюрреалистердің бейнелеу техникасының ықпалы тұрғысынан талдайды. К. Микалайтс [6] Дж. Дос Пассос прозасының кинематографиялық ерекшеліктері туралы жазады. В. Спенсер [3] романның жанрлық табиғатын, оның тарихын және америкалық әдебиетіндегі орнын анықтайды. К. Морли [2], А. Коритц [4], Р. МакКи [7] қала бейнесін зерттейді. А. Беддоу [8] образдар жүйесін, соның ішінде Манхэттен бейнесін талдайды. Дж. Мац [9] стиль мәселесіне тоқталады. С. Кляйн [10] романдағы дыбыстық

сипаттамаларды зерттейді. Ал Е.П. Гейх [11] романның таңбалық жүйесін талдаумен айналысады.

Зерттеудің өзектілігі авторлық стратегиялар мен көркем тілдің мүмкіндіктерін сынауға бағытталған эксперименттік жазу тәсілдерін әдебиеттанулық тұрғыдан талдауға деген сұраныспен айқындалады. Осыған байланысты модерн бағытын ұстанған экспериментшіл жазушылардың шығармашылық тәжірибесін зерттеу ерекше маңызға ие болуда. Бұл қаламгерлер прозада батыл эксперименттер жасап қана қоймай, белгілі бір дәуірдің рухын барынша толық жеткізе алатын бейнелеу құралдарын қолданды.

Зерттеудің мақсаты – Джон Дос Пассостың жаңашылдығының мәнін, оның эксперименттік жазу стилінің ерекшеліктерін айқындау.

Зерттеу міндеттері мыналарды қамтиды: жаңашыл баяндау тілін және оның модерн дәуірін бейнелеудегі мүмкіндіктерін талдау; монтаж тәсілінің мүмкіндіктерін зерттеу; Дос Пассос романының полифониялық құрылымының өзіндік ерекшелігін анықтау; түстер гаммасының символизмін талдау; мәтіндегі фрагментарлықтың қолданылу себептерін айқындау.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы – бұл материалдарды ХХІ ғасыр әдебиетіндегі жаңашыл құбылыстарды, атап айтқанда, компаративтік талдау жүргізу немесе көркемдік бейнелеу құралдарының трансформациясын анықтау үшін пайдалануға болады.

Мақаланың танымдық құндылығы сөзсіз, өйткені қазіргі әдебиет ХХ ғасырдың басындағы, яғни кинематографтың енді ғана қалыптаса бастаған кезеңіндегі ізденістермен ұқсас сұрақтарға тап болуда. Джон Дос Пассос кинематографтық тәсілдерді қолдану арқылы көркемдік бейнелеу құралдарын түрлендіріп, байыта білді. Бұл тәжірибе бүгінгі таңда ақпарат дәуірінде, әлеуметтік желілер үстемдік ететін, жас ұрпақтың клиптік санасы қалыптасқан қоғамда әдеби үдерістің қазіргі өкілдері үшін де қызығушылық тудырады. Бүгінде уақыт рухына сай жаңа көркем тіл іздеу мәселесі қайтадан өзекті болып отыр. Осы тұрғыда модерншіл жазушылардың тәжірибесіне жүгіну орынды деп саналады.

Бұл мақалада авторлар Дж. Дос Пассостың «Манхэттен өткелі» романында дәстүрлі прозадан ауытқып, жаңашыл әдістерді қолданған элементтерін қарастыруға тырысады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы романның құрылымы мен композициясы, кинематографиялық және монтаж тәсілдері, прозаның ырғақтық жүйесі, фрагментарлық пен полифонизмнің кешенді түрде талдауға алынуымен айқындалады. Негізгі гипотеза Дж. Дос Пассос романының эксперименттік прозасы натурализм, символизм, импрессионизм, экспрессионизм, кубизм, футуризмнің негізін қалаушылардан алған жекелеген әдістерден тұрмайтынын, керісінше, романның бүкіл құрылымына сіңген ерекше оптика екенін және оның жаңашылдығы мен эксперименттің мәнін айқындайтынын көрсетеді.

Модернистік роман авторына баяндауды өрбіту үшін фабулалық негіз қажет емес, өйткені ол біртұтас әрі қызықты сюжет құруды мақсат етпейді. Дос Пассос роман жаза отырып, әлемнің тағы бір бейнесін жасауға тырыспайды. Ол қазіргі шындықтың мәнін түсіну сұрағына жауап іздейді, сол себепті индустрияландыру, урбанизация секілді процестердің мағынасын және адамзаттың бұл процестердегі орнын ұғынуға жетелейтін ерекше әлемді жасайды, модельдейді. Бұл тәсіл – ойдан шығарылған шынайылық моделі емес, ерекше перспектива. Автор жалпы көріністің элементтерін бөліп алып, оларды ұлғайтқыш әйнек арқылы қарағандай талдайды, әдетте тұтас бейнеге көз жүгірткенде байқалмайтын жайттарды көрсетеді.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Мақалада К. Морли мен Дж. Мацтың америкалық модернистік романның ерекшеліктеріне арналған ғылыми еңбектері, сондай-ақ Дж. Дос Пассостың «Манхэттен өткелі» романында кейбір аспектілерді зерттейтін жұмыстар қарастырылған. Мысалы,

қала бейнесі, персонаждар жүйесі, авангардтық мектептердің кубизм және футуризм поэтикасы бойынша салыстырмалы талдау, романдағы ритмді проза, кинематографияның шығармадағы әңгімелеу техникасына әсері және басқалары. Джон Дос Пассостың «Манхэттен өткелі» романы мақаланың негізгі дәлелдері үшін материал ретінде алынған. Зерттеу нәтижелері мақалада қарастырылған категориялардың талдауы негізінде жасалған, бұл Дж. Дос Пассостың жаңашыл техникасының жеке әдістер ғана емес, романның барлық деңгейлерін қамтитын өзара байланысты әдістер кешені екенін дәлелдейді. Бұл жағдай Дж. Дос Пассостың батыл экспериментатор болғанын және модернистік әдебиетті жаңа көркемдік бейнелеу құралдарымен байытқанын көрсетеді.

Мақалада тарихи-типологиялық және когнитивистік тәсілдер қолданылған, олар тарихи оқиғалардың қоғам мен жеке тұлғаның жағдайына, адамның санасында болып жатқан когнитивті процестерге тұрақты және ұзаққа созылған әсерін көрсетуге мүмкіндік береді. Контекстік талдау әдеби процестің дамуы мен жағдайының тарихи оқиғалармен, ғылыми-техникалық прогреспен және өнердің дамуымен байланыстылығын көрсетуге мүмкіндік берді. Сондай-ақ зерттеуде жүйелі тәсіл қолданылды, ол құбылыстарды тұтастай қарастыруға мүмкіндік беріп, ғылыми мәселені ашатын түрлі құрамдас бөліктердің арасындағы байланыстарды анықтауға көмектесті.

НӘТИЖЕЛЕР

Дж. Дос Пассостың жасаған эксперименті оның бір шығармасында роман, эпопея және деректі хрониканың белгілерін біріктіріп, алғаш рет көпқабатты шындықты бейнелеу техникасының мүмкіндіктерін пайдаланғандығында көрінеді. Жанрлық формаға романист модернистік әдебиетте бұрын болмаған бірегей прозамен толтырған.

Дж. Дос Пассос полифония әдістерін қолданады, уақыттық ауысуларды іске асырады, жеке мен жалпы, әмбебапты біріктірудің көркем әдістерін қолданады, ішкі монологты және тілдік құралдарды (күрделенген синтаксис, кері жазу, сөздердің біріктіріліп жазылуы және т.б.) жаңа тұрғыда меңгереді.

Роман жанрының маңызды белгісі болып табылатын оқиғалар тізбегі екінші орынға шығып, баяндау фабулалығын жоғалтады, сюжеттің әлсіреуі орын алады, бірізді композиция мен хронологиялық тәртіп жойылады. Оның орнына автор үзілмелі, кішкене эпизодтарға бөлінген баяндауды ұсынады. Егер дәстүрлі роман шындықтың иллюзиясын тудырса, Дж. Дос Пассос шындықтың бір моделін жасайды.

Жазушы енді оқиғалар мен кейіпкерлердің үстінде тұрып, оқырманға болып жатқанның мәнін түсіндіріп, туындыгердің рөлін атқаруды көздемейді. Автор сөз құқығын кейіпкерге немесе бірнеше кейіпкерлерге береді. Бұл әдіс тұтастықтың ыдырауын көрсетуге көмектеседі, себебі кейіпкерлер оқиғаларға, фактілерге, қақтығыстардың себептеріне қарама-қарсы көзқарастарды білдіреді. Оқырман әлемді автордың көзімен емес, кейіпкердің немесе әртүрлі кейіпкерлердің көзімен көреді. Бұл көпқабатты көзқарасты қамтамасыз етеді. Соның салдарынан оқырманның рөлі өзгереді, өйткені жол көрсетуші автордан айырылып қалған оқырман оқиғаларды өзі түсіндіре алады, кейіпкерлерге өз көзқарасын қалыптастырады, олардың әрекеттерінің себептері мен мотивациясын анықтайды.

Шығарманың тым бөлшектенуінің, тұтастықтың маңыздылығы жөніндегі пікірталас маңызды, себебі ол Дж. Дос Пассостың әдісінің мәнін түсінуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты принципиалды сұрақтар туындайды: роман әлемі мен оның құрылымы тұтастық ретінде қабылдана ма, және шығарманың тұтастығын не қамтамасыз етеді? Бұл сұрақтарға жауап беру романының поэтикасының негізгі ерекшеліктерін анықтап, монтажды роман жанрлық белгілерін белгілеуге мүмкіндік береді.

Модернистік живопись пен кинематография романды жанрлық табиғатының трансформациясына да әсер етті. Әдебиетте кинематографиялық тіл қолданыла бастады: соматикалық тілдік құралдар, сезімдік боялған сөздер және т.б. Дж. Дос Пассос кеңістіктік

локализацияға, перспективаға, жарық-көлеңке контрастарына, пластикалық бейнелерге және тіпті дыбыстық әрлеуге назар аударады. Қала кеңістігін бейнелеуде ірі және басқа да пландар, түрлі ракурстар, фондық, контрастты, егжей-тегжейлі сипаттамалар, сондай-ақ көзге көрінбейтін нәрселердің көрсетілуі пайдаланылады. С. Льюис Дж. Дос Пассостың кинематографты пайдалануын жоғары бағалады, оның ішінде өткір кадрлар, ретроспективті кадрлар және ірі жоспарлар бар екенін атап өтіп, «автордың сұлулық пен өмірді тірілтуге деген құштарлығы одан да әсерлі болды» [3, 215] деді. Дж. Дос Пассос кино тілі мен техникасын қолдануда өз замандастарынан озып, А. Роб-Грийеннің киноромандарының негізін қалаушы болды.

Әдебиетте басты кинематографиялық әдіс монтаж болып табылады, ал живопись романды кубистер, дадаистер, сюрреалистер қолданған коллаж әдісімен байытты. «Манхэттен өткелі» романында монтаж әдісі романды композициялық тұрғыдан ұйымдастырудың негізі болып табылады. Бұл әдіс құрылымдық принципке айналып, оған ерекше назар аударылады. Бұл әдіс Дж. Дос Пассостың жаңашылдықтың негізін құрайды.

Монтаж әдісімен қатар көркем мәтіннің ұйымдастыру тәсілі оның фрагменттілігінде жатыр. Фрагментті қабылдау шындықтың ыдырауы мен адамның санасының үзілуін көрсетеді. Бұл әдіс романистке кейіпкерлердің үзік «сана тасқынын», түрлі «көзқарастарды» бейнелеуге арналған құралды өте тиімді ұсынды, сонымен қатар көпқабатты эпикалық полотно жасауға мүмкіндік берді.

Модернист жазушылар үшін маңызды жетістік модернистік романының полифониялық принципі, яғни көп дауыстылық, көп үнділік болып табылады. Полифониялық романда әдебиеттің музыкамен байланысы көрінеді. Әдебиеттегі музыкалық концепциялар мәтіндегі архитектоникада көрініс табады. Полифония мәтіннің романдық форма арқылы қойылған шектеулерінен босау тәсіліне айналады, дәстүрлі романдағы бір дауыстылықты жеңу мүмкіндігін береді. Дж. Дос Пассос баяндауды әртүрлі кейіпкерлерге береді немесе оқырманды олардың сана тасқынына терең енуге бағыттады. Әрбір дауыстың өз құндылығы бар және әлемнің жалпы картинасын құруға өз үлесін қосады, бұл симфониялық оркестрдің әрбір аспабы шығарманың толық дыбысына қосылғандай. Әдеби мәтінді музыкалық шығарманың үлгісі бойынша құрылымдау романда жаңа жанрлық формаларды жасауға мүмкіндік берді. Осылайша, модернистік романда көп қырлы, көп арналы, көп дауысты әлемді бейнелейтін синтетикалық көркем тіл қалыптасты. Бұл романының осы қасиеті Дж. Дос Пассос тарапынан «Манхэттен өткелі» романында көркемдік тұрғыда жүзеге асырылды.

ТАЛҚЫЛАУ

Дж. Дос Пассос шығармашылығын зерттеушілер оның прозасына тән жаңашылдықты атап көрсетіп, жазушыға натуралист, импрессионист, экспрессионист пен кубистердің, сондай-ақ кинематографтың ықпалын ерекше бөліп көрсетеді. Біздің ойымызша, Дж. Дос Пассос жаңашылдығының түп-төркіні белгілі бір әдеби бағытқа еліктеуден немесе сол кезеңдегі әдеби үрдістерге сай болуға ұмтылудан емес, қайта шынайы өмір шындығын – құндылықтар өзгеріп, адамның санасы күйзеліске түскен, бұрынғы моральдық бағдарларынан айырылған модерн дәуірінің тұрақсыз, көз алдымызда өзгеріп жатқан болмысын дәл әрі бейнелі жеткізуге тырысқан ішкі қажеттіліктен туындайды.

Жазушының «Манхэттен өткелі» романында қолданған эксперименттік тәсілдері зерттеу нысанына айналып, оның жаңашыл техникасы оқиғалардың калейдоскоптық сипатынан, баяндаудың жаңа тілінен, фрагменттелген кадрлардың ауысуынан, фабуласыздықтан, шығарманың тұтастығының ыдырауынан көрініс тапқан.

Біздің зерттеуімізде Дж. Дос Пассос жүргізген сан түрлі эксперименттердің өзара толықтырып, біртұтас көркемдік құрылым жасауға мүмкіндік беретініне назар аударылады. Осы тұрғыда монтаж тәсілі шығарманың құрылымдық және жанрлық негізін

құрайтын принцип ретінде көрінеді. Мақалада монтаж тәсілін шебер қолдану арқылы жазушының деконструкцияланған әрі фрагменттелген баяндау жағдайында қоғам өмірінің нақты бір тарихи кезеңіндегі тұтас көрінісін бейнелеуге қол жеткізгені көрсетіледі.

Сонымен қатар, ырғақ та шығарманың тұтастығына ықпал ететін тәсіл ретінде қарастырылады – ол адамдар мен қаланың фрагменттелген өмір көріністерін бір арнаға бағындырып, бірыңғай қозғалыс пен ортақ мақсатқа жұмылдыратындай әсер береді.

Полифонияны кейіпкерлер дауыстарының көптүрлілігі ретінде зерттей отырып, біз қала да өзіндік үні мен бейнесін табатынын баса көрсетеміз.

«Манхэттен өткелі» романы америкалық урбанистік әлемнің кең панорамасын ұсынады. Нью-Йорктің Манхэттен ауданы, америкалық қоғамның метафорасы ретінде, автордың көптеген эпизодтардан құрастырған түрлі мозаикасы ретінде бейнеленген. Бұл көпқабаттылық, көптүрлілік, көп дауыстылық романды полифонияға әкелген. Романда басты кейіпкер мен біртұтас сюжет желісінің болмауы оның тәуекел бастамасы әрі романды жаңашылдыққа жеткізген қадамы болды, өйткені дәстүр бойынша бұл элементтер шығарманың композициясын байланыстырушы болатын.

Романның композициясы, бейнелер құрылымы, мотивтер ел өмірінің ритмін, адамдардың тағдырын, олардың үміттері мен қасіреттерін алмасып отыратын эпизодтар, сахналар, тұлғалар калейдоскопында жеткізуді мақсат тұтады. Монтаждық композициялық құрылымның өзі, оқиғалар, сахналар, әсерлердің шапшаң ауысуы романдағы психологиялық фонды қалыптастырады және оқырманға мегаполис тұрғындарының бойындағы күйгелек атмосфераны, жиі эмоционалды күйреуге және сезімталдықтың жоғалуына әкелетін жағдайды көрсетеді.

Тараудан тарауға материалдың жинақталуы жалпы картинаны құрастыру принципі бойынша пазл жинауға ұқсайды. Бұл картина қала шекараларымен шектелген, ал оқиғалар тізбегі айналмалы композиция бойынша құрылған: бір кейіпкердің қаланың ішіне кіріп, оны тұйық әлем ретінде қабылдауынан басталып, екінші кейіпкердің қаладан шығуымен аяқталады.

Роман үш бөлімге бөлінген, олардың әрқайсысында түрлі кейіпкерлердің параллельді сюжет желілері дамиды. Бұл сюжет желілері ерекше: олар бір-бірімен тек бір рет қиылысады немесе біртұтас желіні құра бастайды, кейін қайтадан бөлінеді; сюжет желілері кенет үзіліп, кейін басқа уақыт кезеңінде қайта пайда болып, кейіпкерлердің тағдырында болған өзгерістермен бірге көрінеді. Сонымен қатар кейіпкерлердің тағдырлары алға жылжитын әрекет түрінде емес, жеке сахналар, диалогтар, басқа кейіпкерлердің оларды сөз етуі түрінде көрсетіледі. Қысқасы, оқырманның алдында калейдоскоп ашылғандай, онда ол бұрын таныс тұлғаларды көреді, оларды дереу жоғалтып, жаңа тұлғалармен танысады.

Романда жүзден астам кейіпкер бар, олардың бірнешеуінің қайталанып кездесетін тағдыры бүкіл роман бойында өтетін сюжет желілерін құрайды. Мұндай кейіпкерлер қатарында Элен Тетчер, Джимми Херф және Джордж Болдуин бар. Басқа кейіпкерлер уақыт-уақытпен пайда болады, олар кино камерасынан кездейсоқ алынғандай, жалпы массовканың бір бөлігі болып көрінеді. Олар америкалық қоғамның түрлі қабаттарын көрсетеді, мұнда оқырман төменгі таптардан бастап үй шаруасындағы әйелдер, кеңсе қызметкерлері, саудагерлер, полицейлер, журналистер, саясаткерлер, актерлер және тағы басқаларды кездестіреді.

Айта кету керек, негізгі кейіпкерлердің сюжет желілері роман бойында кездескенімен, әртүрлі уақытта басталып, аяқталады. Қысқа сюжетті линиялар екінші пландағы кейіпкерлермен байланысты болып, тек бір бөлімді немесе тек бір тарауды қамтуы мүмкін. Эпизодтық кейіпкерлер негізгі немесе қосалқы кейіпкерлермен жеке эпизодтарда қатысуы немесе аталуымен ғана кездеседі (мысалы, сүт тасушы).

Талқыланып отырған романдағы баяндау техникасының маңызды сипаттамасы болып полифония табылады, ол Дос Пассос орындауында тек көп дауыстылық емес, әдебиет, музыка және кинематограф арасындағы өзара байланыстың үлгісіне айналған.

Романда әртүрлі кейіпкерлердің дауыстары естіліп, әрқайсысы өз тақырыбын ашады, бірақ соңында бұл дауыстар романды біріктіретін жалпы симфонияға қосылады. Бұл тек жаңашылдық үшін жасалған эксперимент емес, автордың саналы ұстанымы, ол болып жатқан оқиғаларға бір ғана дұрыс көзқарас немесе пікір жоқ екенін түсінеді. Дж. Мац атап көрсетеді: «Мұндай скептицизм көбіне көрініс пен шындық арасындағы үзілістен туындайды... Модернистік романының эпистемологиясындағы тағы бір ерекшелік – шындық пен мағына көзқарасқа байланысты өзгеріп отырады. Әртүрлі адамдар бір нәрсені әртүрлі көреді, сондықтан қазіргі заманғы роман өз перспективаларын әрдайым өзгертіп отыруға бейім» [9, 219].

Америкалық романының полифониясының тағы бір маңызды ерекшелігі – қаланың да өз «даусы» бар. Роман қалалық шуға толы: құрылыс жұмыстарының дүрбелеңі, қоғамдық көліктердің дауысы, паровоздардың гудоктары, өрт сөндіруші машиналардың сигналдары және тағы басқалар.

Персонаждармен қатар роман «экранында» тарихи және заманауи тұлғалар, қалалық пейзаж суреттері, жергілікті және әлемдік жаңалықтар, газет тақырыпшалары, телеграммалар, танымал әндердің сөздері, дүкен витриналары және тағы да басқа элементтер жылдам ауысып отырады. Барлығы бірлесе отырып, қала өмірінің калейдоскопын құрайды. Свена Фельхабер былай жазады: «1926 жылы Мэй Ламбертон Беккер оны «қозғалыстағы жаңалықтар фильмімен» салыстырса, төрт жылдан кейін Фанни Батчер романды «Нью-Йорктің панорамасы жедел, кездейсоқ, жарқын вспышкалардан, шиеленіскен суреттерден тұратын техникалық трюк» дейді» [5, 86].

Романның кинематографиялылығы көптеген зерттеушілердің назарын аударады. К. Морли Дж. Дос Пассостың кинематографиялық техникасына 1915 жылғы Д.У. Гриффиттің «Ұлттың тууы» фильмі мен конструктивист-режиссер С. Эйзенштейннің әсер еткенін айтады. Бұл әсер, К. Морли пікірінше, монтаждық редакцияда, уақыттағы секірулерде, жақын жоспарлардағы кадрларда, бірнеше сюжет желісіне бір уақытта қозғалу мен шұғыл өтпелі сәттерде көрінеді [2, 67]. Алайда бізге бұл жерде кинохрониканың кез келген техникасы туралы сөз қозғауға болады, сондықтан Дж. Дос Пассостың романын бірқатар рецензенттер хроника деп анықтағаны орынды. Бұл кинохроникада газет тақырыпшалары, жаңалықтар, ән мәтіндері, әңгімелердің үзінділері, статикалық және динамикалық эскиздер түрлі көзқарастардан, әртүрлі кейіпкерлердің көзқарасымен көрсетіледі.

«Манхэттен өткелі» романында құрылым мен жанрды анықтайтын негізгі принцип – монтаж. Дж. Дос Пассос осы принципті романның материалдарының әртүрлілігі мен байлығын біртұтас құрылымға жинақтау үшін қолданған. Романда бірнеше қабаттар көрсетілген: елдің тағдыры мен оның дамуындағы белгілі бір кезең (1890-1925 жылдар); әртүрлі әлеуметтік топтардағы адамдардың жеке тағдырлары; әлемдегі болып жатқан оқиғалар мен қаланың өмірі; Нью-Йорктің қарқынды дамуы мен техникалық прогресс. Барлық материал коллаж принципімен құрылып, монтаждalған. Біріктірілген коллаж қазіргі уақытта қарқынды дамып жатқан қаланы, оның халқын, олардың жоспарлары мен қамқорлықтарын, жеңістері мен жеңілістерін, арман-үміттері мен үмітсіздіктерін бейнелейді. Романда суреттелген адамдардың үзілген тағдырлары, олардың ойлары мен сезімдері қаланың өмірінің жалпы бейнесінде бірігеді, оны тірі организм ретінде көрсетуге мүмкіндік береді.

Айта кету керек, автор бейнеленген оқиғалардан өзін қасақана алыстататын сияқты, авторлық көзқарасын ашық білдіруден бас тартып, оқырманға оқиғалар, тұлғалар мен көріністер калейдоскопында өз бетінше түсінік алу мүмкіндігін береді. Бұл тәсіл оқырманға оқиғалардың жасырын бірлігін, адамдар тағдырларының дәуірмен, орынмен, уақыт атмосферасымен байланысын ашуға жол ашады. Әрбір кейіпкердің тағдыры тек қаланың өмірінің жалпы бейнесінде ғана қажетті тұтастыққа ие болады. Бұл бірлік болмаса, персонаждардың оқиғалары аяқталмаған, үзік-үзік баяндауларға айналып, біртұтас линиядан айырылушы еді.

Монтаж сондай-ақ кейіпкерлердің үміт пен армандарға сенуден көңілсіздік пен иллюзиялардың күйреуіне дейінгі көңіл-күй өзгерістерін бейнелеу құралына айналады. Бұл кейіпкерлердің өмірінен әртүрлі кезеңдерде түсірілген контрастты фрагменттерді көрсету арқылы қол жеткізіледі.

Монтаж романда уақыттың жалпы атмосферасын және АҚШ-пен өз жоспарларын байланыстыратын адамдардың сезімдерін көрсетуге мүмкіндік береді. XX ғасыр басындағы әлеуметтік оптимизм әртүрлі кейіпкерлердің сөздері арқылы бейнеленеді, олар үшін Нью-Йорк шексіз мүмкіндіктер қаласы ретінде көрінеді. Осылайша, Дж. Дос Пассос «америкалық арманмен» арбалған адамдарды өзінше бейнелейді. Романның басында кейіпкерлер өз-өздеріне деген сенімге толы: «Мен бірдеңе жасауға ұмтылғым келеді. Бұл менің арманым. Еуропа шіріп, сасып кеткен. Ал Америкада жас жігіт өз орнын таба алады. Туған жердің рөлі жоқ, білімнің мәні жоқ. Бәрі де алға ұмтылуға байланысты» [1, 21], «Нью-Йорк дегеніміз – үлкен мүмкіндіктер елі» [1, 49], «Мен осы елге таңғаламын. Басқа отаным жоқ... Өз ісіне қабілетті адамдар әрдайым озып шығады» [1, 264], «Мен енді еврей емеспін!... Бұл Ресей емес! Бұл Нью-Йорк! Мұнда қыздардың өз құқықтары бар» [1, 22] және басқалары.

Оқиғаның дамуы мен бірнеше онжылдықтар өте келе адамдардың көңіл-күйі өзгереді, арманның қателігі мен иллюзорлығы олар үшін біртіндеп айқын бола бастайды: «...Джимми Херф қолдарын қалтасына салып, ратушаның алдында бастарында кепкалары бар үстілері жыртық-жыртық, құлақтарында наушниктері бар адамдардың қарды шанаға лақтырып жатқандарын қарап тұр. Жастар мен қарттардың жүздері бірдей түсті, киімдері бірдей түсті. Өткір, бритвадай жел құлағын тіліп, маңдайы мен мұрнын күйдіргендей» [1, 344], «Достарым... жалақы құлдары, мен де бұрын сондай болдым... Бұл адамдар сендердің мойындарыңда отыр... олар ауыздарыңнан асты жырып алып отыр. Бұрын бульварда көретін әдемі қыздар қайда қазір? Оларды қала сыртындағы қонақүйлерден іздеңдер... Жігіттер, олар бізді губка тәрізді сығып алып отыр... олар бізді жұмысымыздан, идеяларымыздан, әйелдерімізден айрып отыр... Олар бізге аштық, рахит пен лас көшелерді қалдырып отыр» [1, 255]. Дж. Дос Пассос америкалық ұлы арман туралы мифтің теріс жағын көрсетті.

Дж. Дос Пассос монтаж әдісіне үлкен мән берді. Бұл әдіс сюжетті децентрализациялауға мүмкіндік беріп, әрбір сюжет желісін дәуірдің жалпы бейнесін жасау үшін бірдей маңызды етті. Адамдар, оқиғалар мен әсерлердің калейдоскопында барлық элементтер құнды болды. Романист былай деп жазды: «Әрбір оқиғаны басқа бір нәрсемен теңестіру мүмкін емес, ол жарқырап тұрған әрі жалғыз нәрсе, ешбір нәрседен туындамайды, бірақ кенеттен пайда болып, басқа нәрселерге қосылады» [12, 132].

Өмірдің күрделі және көпқырлы бейнесін біртұтас қалыпта жинауға мүмкіндік беретін әдіс – монтаж, баяндаудың әртүрлі деңгейлерінде біріктіріледі. Бұл монтаждық байланыстар деп аталады, эпизодтарды «жапсырудың» түрлі тәсілдері. Олардың кейбірін атап өтейік: 1. романның негізгі кейіпкерлері – Джимми Херф, Эллен Тэтчер, Джордж Болдуиннің тағдырларын қамтитын үш негізгі сюжет желісі, олар романның басынан соңына дейін дерлік жүреді. 2. жалпы атмосфера және оқиға өрбіген сайын өзгеріп отыратын басым тональдылық. 3. оқиғаларға біртұтас қарқын мен ырғағын қамтамасыз ететін ритм, ырғақтық сурет. 4. үнемі қозғалыс: адамдар, көліктер, салынып жатқан қала – автордың назарында болатын барлық нәрсе алға ұмтылуды көрсетеді; көліктердің, адамдардың қозғалысы мен үздіксіз өсіп келе жатқан қала уақыттың өтуін бейнелейді. 5. бейнелеу техникасы: көшелердің, витриналардың, кафелердің, адамдардың сырт келбетінің дәл және сипаттамалық детальдарын шағын, үнемді штрихтармен беру; бұл эскиздер нақты картиналар мен жеке портреттерді емес, мегаполис пен оның тұрғындарының жалпы импрессионистік бейнесін жасайды (мысалы, терісі ақшыл). Импрессионистік техника қозғалысты жеткізуге және ауқымды көріністің жалпы әсерін қалыптастыруға барынша мүмкіндік береді. 6. қайталанып кездесетін мотивтер (сәттілік, бақытсыз жағдай, түсік жасату, ауру, өлім мотивтері), образдар мен детальдар (өрт

сөндіру көлігі, полицейлер, биік ғимараттар, сүт тасушы арба); эпизодтарды құрудағы заңдылықтар (жұптылық принципі) және шартты түрде «егіз» деп саналатын кейіпкерлердің болуы. 7. ел тарихында маңызды рөл атқарған немесе оның заманауи қарқынды дамуына үлес қосқан танымал тұлғаларды атап өту: Юджин Дебс, Лютер Бербанк, Карнеги, Эдисон, Лафоллет, Джон Рид, Теодор Рузвельт, президент Вильсон, Морган банкирлер әулеті, Генри Форд, Инсулл және т.б. 8. қаланың, ел тарихының, адамдар тағдырының және ұлттық идеяның бейнесін байланыстыратын сәулет ескерткіштері: Азаттық мүсіні, Бруклин көпірі, Нью-Йорк айлағы. 9. қалада (ұрлық, кісі өлтіру, апаттар) және әлемде («Жапондар Мукденнен шегінді») болған оқиғалар туралы газет жаңалықтарының тақырыптары, жарнама мәтіндері, маңдайшалар, танымал әндердің мәтіндері; бұлардың барлығы кубистер пайдаланған коллаж тәсілі бойынша уақыт пен кеңістік бірлігін жасайды. 10. эпиграфтар, сюжеттің дамуын ықшам түрде жеткізіп, оны біртұтас құрылымға жинақтайды. 11. Нью-Йорк бейнесі – барлық сюжет желілері мен кейіпкерлер тағдырларын байланыстыратын негізгі композициялық концепт.

Монтаждық байланыстар романның фрагменттерінің тұтастығын қамтамасыз етеді. Фрагментарлық роман композициясының басты ерекшелігі болып табылады. Бірқатар зерттеушілердің пікірінше, фрагментарлық романға құрылымдық бірліктің жетіспеуіне, көріністер мен эпизодтардың бөлшектенуіне, ойлардың толық жеткізілмеуіне, кейіпкерлер туралы баяндаулардың аяқталмауына және олардың тереңдігі мен көлемін жоғалтуына әкеледі. Алайда дәл осы монтаж әдісі романға қажетті тұтастық пен қатаң ұйымдасқан құрылым береді. Бұдан бөлек, көптеген эпизодтар, тағдырлар мен тұлғалар Дж. Дос Пассосқа бүтін бір дәуірдің портретін жасауға мүмкіндік береді.

Осылайша, романның фрагментарлығы Дж. Дос Пассостың шығармашылық ұстанымына айналады. Оның функциясы автор жасаған баяндау полотносының ауқымдылығын көрсету болып табылады. Көз алдымызда өзгеріп жатқан дәуір тұрақты, статикалық формаларды емес, қозғалысты, мобильді, жылдам ауысатын нәрселерді талап етті. Сонымен қатар модернисттер жаңа шындықтың қалыптасу кезеңінде өмір сүрді және олар қоғам мен әлемнің жаңа күйін емес, дәл көз алдында болып жатқан өзгерістерді бейнеледі. Осыдан баяндаудың толықтыққа, аяқталғандыққа, үзілді-кесілділікке ұмтылуына сенімсіздік туындайды. Дж. Мартц былай деп атап көрсетеді: «Эпистемологиялық скептицизм, кездейсоқтық пен фрагментарлыққа бейімділік, субъективті ішкі әлем мен өзгермелі сәйкестікке қызығушылық – мұның бәрі модернистік кезеңнің өзі тудырған репрезентациялық тәжірибелердің өзгеруінен туындады» [9, 221].

Маңызды жайттардың бірі – эпизодтардың үнемі алмасуы оқиғаларға жылдамдықтың көрінісін береді. Осы арқылы автор уақыттың қозғалысын, өмірдің өтуін, өткенге кетіп жатқан үміттерді, армандарды, жастықты жеткізеді. Кейіпкерлердің өмір жылдары кадрлардың жылдам ауысуындай зымырап өтеді. Бұл кадрларда өзгерістер көрініс табады: көшелердің келбеті өзгереді, биік ғимараттар көтеріледі, қала көшелерінде жүйткіген көліктердің саны көбейеді, адамдар қартайып, денсаулықтарын жоғалтып, өмірден өтеді.

Осылайша, романның әрбір фрагменті шығарманың мазмұнын тереңдетіп, оның семантикасын кеңейтеді. Дж. Дос Пассос фрагментарлық пен тұтастықтың бинарлық оппозициясын еңсерді. Автор көптеген элементтерден құралған біртұтас картинаны жасаудағы міндетті сәтті орындады. Бұл монтаж әдісін қолдану арқылы мүмкін болды.

Романның тұтастығын қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі – ритм. Қаланың өмір қарқыны оқиғаларға, адамдардың өміріне белгілі бір ритм мен жылдамдық береді. Ритм қозғалысты білдіретін етістіктердің молдығы арқылы жеткізіледі. Сондай-ақ ритм кинохроника немесе кинорепортаж әдістерімен – кадрлардың, көріністердің, бет-әлпеттердің, орындардың, газет тақырыптарының ауысуымен беріледі. Қаланың пульсі оның тұрғындарына жылдамдық беріп, оларды өз еркіне бағындырады, оларды қозғалуға, жұмыс істеуге, қуып жетуге мәжбүр етеді. С. Фельхабер былай деп атап өтеді: «Жылдамдық оның формалды және стилистикалық композициясының ерекшелігі болып

табылады. Роман оқырманды мәтіннің жылдамдатылған ескі және жаңа формаларымен таныстырады: ауызекі диалогтық дауыстар сөзді барынша ықшамдайды, сөздер арасындағы кеңістік жойылады, ал мегаполистің сезімдік тәжірибесі үнемді, кинетикалық стильде жеткізіледі» [5, 85].

Романның ритмдік ұйымдастырылуы синтаксис арқылы: қысқа, тамырдың соғуы тәрізді қысқа сөйлемдермен немесе аяқталмайтындай, тоқтаусыз жалғасатын ұзақ сөйлемдермен жеткізіледі. Пунктуацияның еркін пайдаланылуы, сөздердің күрделі құрылымдарға бірігіп, бір деммен, асығыстықпен айтылғандай көрінуі романның сөздік құрылымын біріктіреді.

Ритм дыбыстар арқылы да беріледі. Кейіпкерлер күн бойы мыңдаған дыбыстардың ортасында өмір сүреді. Бұл дыбыстар олардың өмір қарқынын анықтап қана қоймай, негізгі фонға айналып, оларды бір сәтке де тыныш қалдырмайды. Мысалы: «Жүкті арбаларға жегілген аттардың сықырлап, жүк арбаларының дөңгелектері шиқылдап, бәрі құлақ тұндыратын шуға айналды...» [1, 19], «11-авеню мұздай шаңға, дөңгелектердің сықыры мен гүрсіліне, тұяқтардың тарсылына толы. Теміржолдан паровоздардың ысқырығы мен қосымша жолға ауысқан жүк вагондарының дүрсілі естіледі» [1, 47], «Гүрілдеген дыбыстардың бұрыш-бұрыштан шыққан толқындары оның басына төгілді – үстінен аспалы пойыз зулап өтті» [1, 158].

Дж. Дос Пассос ритмдік суреттемелерді бейнелеу нысанына, тақырыбына, кейіпкердің күйіне қарай әртүрлі пайдаланады. Ритм мәтіннің композициялық ұйымдастырылуының құралына айналады.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Манхэттен өткелі» романында Джон Дос Пассос америкалық модернистік романды қалыптастыруда батыл экспериментатор ретінде танылды. Оның жаңашылдығы көркем бейнелеудің жаңа тәсілдерін жасауда және мәтінді құру үшін кинематографиялық құралдарды ерекше қолдануда көрініс тапты. Бұл құралдардың ішінде монтаж, хроника, жалпы және ірі пландардың ауысуы әдістерін атап өтуге болады.

Талданып отырған романның баяндау техникасының маңызды элементі – полифония. Ол Дж. Дос Пассосқа әдебиет, кинематограф және музыканың өзара ықпалдасу мүмкіндіктерін көрсетуге мүмкіндік берді. Романның көптеген кейіпкерлерімен қатар, автор құрған монументалды картинаның біріктіруші бейнесі болып табылатын қала да өз даусын алады.

Полифония мен бейнеленген шындықтың ауқымды қамтылуы фрагментацияны қолдануды талап етті. Фрагментация тәсілі мүмкіндігінше көп материалды, түрлі көзқарастарды және уақыттық қабаттарды тартуға мүмкіндік береді.

Монтаждық құрастыру объектілері ретінде әртүрлі әлеуметтік топтардың кейіпкерлерінің тағдырлары, қалалық ландшафт көріністері, әлемдік және қалалық жаңалықтарды жеткізетін газет тақырыптары мен хабарламалар, танымал әндердің үзінділері, адамдардың әңгімелері мен ойлары, архитектуралық суреттемелер, құрылыс алаңдары, көлік қозғалысы және т.б. алынады. Мәтіннің монтаждық ұйымдастырылуы шығарманың ішкі тұтастығын қамтамасыз етеді. Шынында да, Дж. Дос Пассостың монтаж техникасын шебер меңгеруі модернистік романның шекарасын кеңейте түсті.

Фрагменттелген картинаның монтаждық байланыстары ретінде мыналарды атауға болады: негізгі кейіпкерлердің сюжеттік желілері; қарқынды дамып келе жатқан қаланың жалпы атмосферасы; оқиғаларға бірыңғай қарқын беретін және уақыттың, көлік пен адамдар қозғалысының динамикасын бейнелейтін ритмикалық суреттемелер; импрессионистік баяндау техникасы, ауқымды картинаның жалпы әсерін қалыптастыру үшін қолданылатын; қайталанатын мотивтер, бейнелер және детальдар; романның уақыттық шеңберін айқындауға мүмкіндік беретін әйгілі тұлғалардың аталуы; қаланың, елдің тарихын, адамдардың тағдырларын байланыстыратын архитектуралық құрылымдар;

қалалық және әлемдік оқиғалар туралы газет тақырыптары, жарнамалық мәтіндер, біртұтас уақыт пен кеңістік атмосферасын құратын кубистер тәжірибесіндегі коллаж принципі бойынша құрылған элементтер; сюжеттің дамуын жинақтап көрсететін және оны біртұтас етіп байланыстыратын эпиграфтар; ақырында, романның барлық сюжеттік желілерін біріктіретін негізгі композициялық концепт ретіндегі Нью-Йорк бейнесі.

Аталған бейнелеу әдістері мен көркем материалды біріктіру тәсілдері авторға мәтіннің тұтастығына қол жеткізіп, өз дәуірінің монументалды, көпқырлы және көпдауысты бейнесін жасау міндетін орындауға мүмкіндік берді.

Бұл аталған әдістер романистің тапқан жеке сәтті құралдары ғана емес екенін ескеру маңызды. Олар бір-бірімен тығыз байланысқан, бірін-бірі толықтырып, бірінен-бірі туындайтын өзара тәуелді элементтер болып табылады.

«Манхэттен өткелі» – бұл эксперименталды роман, мұнда қаламның рөлін кинокамера атқарғандай, ал автор экранда көргенін қағаз бетіне жылдам түсіріп үлгергендей әсер қалдырады. Жалпы және ірі пландардың, жылдам ауысып отыратын көріністердің, бет-бейнелердің, әңгімелердің, витриналардың, көліктердің, газет тақырыптарының кезектесуінен құралған монтаж-роман, хроника-роман қаланың өмірін адам санасындағы «сананың тасқыны» сияқты бөлінбес ағын түрінде бейнелейді. Дж. Дос Пассос қаланың өмір ағынын суреттеді, бұл сөзсіз жаңашылдық еді.

Джон Дос Пассос «Манхэттен өткелі» романында шынымен жаңашыл әдіс қолданды және адамдардың, қаланың, елдің, дәуірдің өмірін көрсету сияқты ауқымды идеяны жүзеге асыру үшін өзіндік баяндау техникасын жасады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Doc Passos J. *Manhattan Transfer*. – New York, London: Harper & Brothers Publishers, 1925. – 404 p.
<https://archive.org/details/manhattantransfe00dosprich/page/4/mode/2up?ref=ol&view=theater>
- 2 Morley C. *Modern American Literature*. – Edinburgh University Press, 2012. – 352 p.
- 3 Spencer V.C. *Dos Passos: A Life*. – Northwestern University Press, 2004. – 624 p.
- 4 Koritz A. *Urban Form vs. Human Function in the 1920s: Lewis Mumford and John Dos Passos*. – *American Studies*. – 2004. – No. 45:2. – P. 101-123.
- 5 Fehlhaber S. *American Discourses of Acceleration and the Emergence of an Alternate practice of Modern American Prose Writing in the 1920s*//*Dissertation zur Erlangung des akademischen Grades Dr. phil. an der Universität Osnabrück, Fachbereich Sprach- und Literaturwissenschaft*. – Dezember, 2017. – 313 p.
- 6 Mickalites C.J. *Manhattan Transfer, Spectacular Time, and the Outmoded*. – *Arizona Quarterly: A Journal of American Literature, Culture, and Theory*. – 2011. – No. 67(4). – P. 59-82. <https://dx.doi.org/10.1353/arq.2011.0023>.
- 7 McKee R.A. 'Kerist I wish I was a skyscraper': John Dos Passos' *Manhattan Transfer*, skyscrapers and the predatory modern city. - *Journal of Urban Cultural Studies*. – 2018. – Vol.5. – Number 1. – P. 53-71.
- 8 Beddow A. *Manhattan Nightmares: John Dos Passos, Charles Sheeler and the Distortion of Urban Space*. – *Moveable Type*. – 2010. – Vol. 6.
- 9 Matz J. *The Novel//A companion to Modernist Literature and Culture*/Ed. by David Bradshaw and Kevin J.H. Dettmar. – Blackwell Publishing, 2006. – P. 215-226.
- 10 Klein S. *The Roar of Modernity: Metropolitan Soundscapes and the Making of the Modern Subject in John Dos Passos' Manhattan Transfer*. – *Revista Canaria de Estudios Ingleses*. – 2022. – No. 84 (April). – P. 69-82.
- 11 Geyh E. P. *From Cities of Things to Cities of Signs: Urban Spaces and Urban Subjects in «Sister Carrie» and «Manhattan Transfer»*. – *Twentieth Century Literature*. – 2006. – Vol. 52. – No. 4. – P. 413-442.

12 A Companion to the Modern American Novel 1900-1950/ Edited by John T. Matthews. – Blackwell Publishing Ltd., 2009. – 592 p.

Материал 10.09.2025 баспаға түсті

Экспериментальная проза романа Джона Дос Пассоса «Манхэттенская переправа»

А.Т. Мустояпова¹, Ж.Ж. Ибраимова¹

¹Карагандинский университет им. Е.А. Букетова, Караганда, 100026, Казахстан

Целью данной статьи является анализ романа американского модерниста Джона Дос Пассоса «Манхэттенская переправа» на предмет наличия в нем черт экспериментального письма. «Манхэттен» (1925) – один из ранних в литературе США модернистских романов, который вызвал споры и неоднозначные оценки читателей и критиков. Именно этим обстоятельством обусловлен сохраняющийся особый интерес к данному роману. Краткий обзор литературы позволяет определить степень исследованности новаторства Дж. Дос Пассоса в современном англоязычном литературоведении. Автором статьи предлагается и подвергается анализу гипотеза о том, что Дж. Дос Пассос предпринял творческий эксперимент, который пронизал все уровни романа: композицию, структуру, систему образов, ритм прозы, поэтику. В центре исследования внимания оказываются такие новации художественной изобразительности, как полифонизм, кинематографичность, прием монтажа, символизм цветовой гаммы, фрагментарность текста. В статье обосновывается закономерность новой повествовательной техники, использованной Дж. Дос Пассосом, конкретным социально-историческим контекстом. Проведенный анализ позволяет определить своеобразие новаторства Дж. Дос Пассоса в тот период, когда писатели находились в поиске нового повествовательного языка, способного адекватно передать образ, характер, суть эпохи модерна. Содержание статьи способствует проблематизации вопросов своеобразия поэтики модернистского текста и актуализации проблемы авторского письма. Осуществленный в статье анализ позволяет определить место во многом недооцененного Дж. Дос Пассоса как новатора модернистской литературы, стоящего в первом ряду великих писателей его эпохи.

Ключевые слова: эксперимент, фрагментарность, монтаж, полифонизм, кинематографичность.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Doc Passos J. Manhattan Transfer. – New York, London: Harper & Brothers Publishers, 1925. – 404 p.
<https://archive.org/details/manhattantransfe00dosprich/page/4/mode/2up?ref=ol&view=theater>
- 2 Morley C. Modern American Literature. – Edinburgh University Press, 2012. – 352 p.
- 3 Spencer V.C. Dos Passos: A Life. – Northwestern University Press, 2004. – 624 p.
- 4 Koritz A. Urban Form vs. Human Function in the 1920s: Lewis Mumford and John Dos Passos. – American Studies. – 2004. – No. 45:2. – P. 101-123.
- 5 Fehlhaber S. American Discourses of Acceleration and the Emergence of an Alternate practice of Modern American Prose Writing in the 1920s//Dissertation zur Erlangung des akademischen Grades Dr. phil. an der Universität Osnabrück, Fachbereich Sprach- und Literaturwissenschaft. – Dezember, 2017. – 313 p.
- 6 Mickalites C.J. Manhattan Transfer, Spectacular Time, and the Outmoded. – Arizona Quarterly: A Journal of American Literature, Culture, and Theory. – 2011. – No. 67(4). – P. 59-82. <https://dx.doi.org/10.1353/arq.2011.0023>.

- 7 McKee R.A. 'Kerist I wish I was a skyscraper': John Dos Passos' Manhattan Transfer, skyscrapers and the predatory modern city. - Journal of Urban Cultural Studies. – 2018. – Vol.5. – Number 1. – P. 53-71.
- 8 Beddow A. Manhattan Nightmares: John Dos Passos, Charles Sheeler and the Distortion of Urban Space. – Moveable Type. – 2010. – Vol. 6.
- 9 Matz J. The Novel//A companion to Modernist Literature and Culture/Ed. by David Bradshaw and Kevin J.H. Dettmar. – Blackwell Publishing, 2006. – P. 215-226.
- 10 Klein S. The Roar of Modernity: Metropolitan Soundscapes and the Making of the Modern Subject in John Dos Passos' Manhattan Transfer. – Revista Canaria de Estudios Ingleses. – 2022. – No. 84 (April). – P. 69-82.
- 11 Geyh E. P. From Cities of Things to Cities of Signs: Urban Spaces and Urban Subjects in «Sister Carrie» and «Manhattan Transfer». – Twentieth Century Literature. – 2006. – Vol. 52. – No. 4. – P. 413-442.
- 12 A Companion to the Modern American Novel 1900-1950/ Edited by John T. Matthews. – Blackwell Publishing Ltd., 2009. – 592 p.

Материал поступил в редакцию журнала 10.09.2025

Experimental prose of John Dos Passos' novel «Manhattan Transfer»

A. Mustoyarova¹, Zh. Ibraimova¹

¹Карагандинский университет им. Е.А. Букетова, Караганда, 100026, Казахстан

The purpose of this article is to analyze John Dos Passos' novel Manhattan Transfer (1925) for features of experimental writing. As one of the earliest modernist novels in American literature, Manhattan Transfer has generated controversy and mixed reviews from readers and critics, which continues to sustain scholarly interest.

A review of the literature highlights the extent of research on Dos Passos' innovations in modern English literary criticism. The article proposes and examines the hypothesis that Dos Passos undertook a creative experiment permeating all levels of the novel, including composition, structure, imagery, prose rhythm, and poetics. The research focuses on artistic innovations such as polyphonism, cinematographic techniques, editing, color symbolism, and fragmentary text.

The study also contextualizes Dos Passos' narrative techniques within the socio-historical framework of the 1920s, a period when writers were seeking new narrative languages capable of capturing the character, image, and essence of the modern era. The analysis demonstrates the originality and systematic nature of his experimental approach and situates Dos Passos as a largely underestimated innovator in modernist literature.

Overall, the article contributes to discussions on the originality of modernist poetics, the problematization of authorial writing, and the recognition of Dos Passos' place among the leading literary innovators of his time.

Key words: experiment, fragmentation, editing, polyphony, cinematography.

REFERENCES

- 1 Doc Passos J. Manhattan Transfer. – New York, London: Harper & Brothers Publishers, 1925. – 404 p.
<https://archive.org/details/manhattantransfe00dosprich/page/4/mode/2up?ref=ol&view=theater>
- 2 Morley C. Modern American Literature. – Edinburgh University Press, 2012. – 352 p.
- 3 Spencer V.C. Dos Passos: A Life. – Northwestern University Press, 2004. – 624 p.
- 4 Koritz A. Urban Form vs. Human Function in the 1920s: Lewis Mumford and John Dos Passos. – American Studies. – 2004. – No. 45:2. – P. 101-123.

- 5 Fehllhaber S. American Discourses of Acceleration and the Emergence of an Alternate practice of Modern American Prose Writing in the 1920s//Dissertation zur Erlangung des akademischen Grades Dr. phil. an der Universität Osnabrück, Fachbereich Sprach- und Literaturwissenschaft. – Dezember, 2017. – 313 p.
- 6 Mickalites C.J. Manhattan Transfer, Spectacular Time, and the Outmoded. – Arizona Quarterly: A Journal of American Literature, Culture, and Theory. – 2011. – No. 67(4). – P. 59-82. <https://dx.doi.org/10.1353/arq.2011.0023>.
- 7 McKee R.A. ‘Kerist I wish I was a skyscraper’: John Dos Passos’ Manhattan Transfer, skyscrapers and the predatory modern city. – Journal of Urban Cultural Studies. – 2018. – Vol.5. – Number 1. – P. 53-71.
- 8 Beddow A. Manhattan Nightmares: John Dos Passos, Charles Sheeler and the Distortion of Urban Space. – Moveable Type. – 2010. – Vol. 6.
- 9 Matz J. The Novel//A companion to Modernist Literature and Culture/Ed. by David Bradshaw and Kevin J.H. Dettmar. – Blackwell Publishing, 2006. – P. 215-226.
- 10 Klein S. The Roar of Modernity: Metropolitan Soundscapes and the Making of the Modern Subject in John Dos Passos’ Manhattan Transfer. – Revista Canaria de Estudios Ingleses. – 2022. – No. 84 (April). – P. 69-82.
- 11 Geyh E. P. From Cities of Things to Cities of Signs: Urban Spaces and Urban Subjects in «Sister Carrie» and «Manhattan Transfer». – Twentieth Century Literature. – 2006. – Vol. 52. – No. 4. – P. 413-442.
- 12 A Companion to the Modern American Novel 1900-1950/ Edited by John T. Matthews. – Blackwell Publishing Ltd., 2009. – 592 p.

Received: 10.09.2025

МРНТИ 17.07.41

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss4pp223-235](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss4pp223-235)

А.Ш. Смаилова¹, Б.С. Каукербекова², С.А. Рахымберлина¹, Б.О. Рахимбаева¹

¹Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті, Қарағанды, 100026, Қазақстан

²Қарағанды Медицина университеті, Қарағанды, 100026, Қазақстан

КӨРКЕМ ФАНТАСТИКА МӘТІНДЕРІНІҢ ВЕРБАЛДЫ ҚАБАТЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Көркем мәтін тілі – күрделі, қыры мен сыры мол құбылыс. Оның өзіне тән болмысы зерттеліп жатса да, бүгінгі күн талабынан зерттеуді қажет етіп жатқан тұстары әлі де баршылық. Солардың бірі – қазақ көркем фантастика мәтіндерінің тілдік-стильдік ерекшеліктері мәселелерін тілдік ғылыми тұрғыда зерделеу. Мақалада қазақ фантаст-жазушысы Абдул-Хамид Ф. Мархабаевтың шығармаларындағы тілдік-стильдік ерекшеліктерінің көрінісі және қазақ көркем фантастикасы мәтіндерінің вербалды қабатындағы лексиканың, атап айтқанда, диалект сөздер, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер мен этнолексиканың қолданылу мақсаты және автордың концептуалды ойын жеткізуге қажетті реалиялары сипатталып, тілдік тұлғалардың автор қолданысындағы мағынасына назар аударылды.

Қиялгер-жазушының шығармасында кездесетін осындай мәтінтүзім бірліктерді не мақсатта қолданатынын нақты дәйектермен түсіндірілді. Авторлар тілдік құралдардың көркемдік-стилистикалық қызметін саралау негізінде қаламгерлердің стильдік қолтаңбасын анықтауға авторлық-индивидуалды сөзқолданыстар ықпал ететінін айқындап, мысалдармен талдау жасады. Аталған мәселелер қазақ көркем фантастика мәтіні теориясының толыға түсуіне үлес қосады.